

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым, техника және ақпарат саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісуге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 шілде N 1076

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісілген және тәжік жағымен алдын ала пысықталған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым, техника және ақпарат саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі тәжік жағымен

келіссөздер жүргізсін және уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін, осы ретте Келісімнің жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Келісімге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым, техника және ақпарат саласындағы ынтымақтастық

туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы ғылым, техника және ақпарат саласындағы ынтымақтастықтың екі жақты ақпарат саласындағы және өзара тиімді экономикалық барлық кешенді байланыстардың құрамдас бөлігі болып табылатынын ескере

отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Тараптар тең құқықты және өзара пайдалы принциптер негізінде ғылым, техника және ақпарат саласындағы ынтымақтастықтың дамуына мүмкіндік туғызады.

2 - б а п

Тараптар жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар, озық технологиялар, ғылыми кадрлар дайындау, өнеркәсіп және санаткерлік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытады.

Ынтымақтастықтың нақты нысандары мен шарттары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу ұйымдары, жоғары оқу орындары, мемлекеттік ассоциациялар мен қорлар арасында олардың біліктілігі шеңберінде жеке келісімдермен реттеледі.

3 - б а п

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай нысандарда іске асырылады:
ғылыми қажет ететін технологияларды құру мен игеру жөніндегі бірлескен ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асыру;

Тараптар мемлекеттерінің ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы, жоғары оқу орындарындағы, құжатжайлар және кітапханалардағы, бірлескен далалық зерттеу мен экспедицияларды қоса алғандағы ғылыми жұмыстар;

ғылыми-техникалық ақпаратпен, құжаттармен, әдебиет және кітапнама б а с ы л ы м д а р м е н а л м а с у ;

ғылыми конференциялар, кеңестер, семинарлар және жұмысшы кездесулер өткізу;
ғалымдармен, мамандармен, докторанттар және аспиранттармен алмасу, олардың біліктілігін көтеру, тағылымдамалар ұйымдастыру;

өзара мүдделі ғылыми еңбектер жасау, оқулықтар мен ғылыми-әдістемелік оқу құралдарын жазу жөніндегі бірлескен туындыгерлік ұжымдар құру;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды Мемлекеттік сараптаудан өткізуге тарту үшін ғылым, техника және ғылымды қажет ететін технологиялардың басым бағыттарының жетекші ғалымдары туралы банктер мәліметтерімен алмасу;

ғылыми ақпаратты өте тиімді және жедел пайдалану мақсатында байланыстың компьютерлік желісі саласындағы ынтымақтастықты дамыту.

4 - б а п

Ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру кезінде алынған бірлескен ғылыми зерттеу және басқа ақпарат нәтижелерін пайдалану тәртібі, сондай-ақ өнеркәсіптік меншіктің объектілерін және санаткерлік меншікке туындыгер құқықтарын қорғауға байланысты мәселелер Тараптар мемлекеттерінің тиісті органдары арасында әрбір нақты жағдайда

жеке келісімдер жасау жолымен келісіледі.

5 - б а п

Тараптар қажетті жағдайда осы Келісімді жүзеге асыру үшін және Тараптардың өзара әрекеттестігі бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында бірлескен комиссия құрына б о л а д ы ;

Осы келісімді жүзеге асыруға жауапты Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан Жағынан - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы;

Тәжікстан жағынан - Тәжікстан Республикасының Ғылым академиясы және Тәжікстан Республикасының Білім министрлігі.

6 - б а п

Тараптардың өзара уағдаласуы бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделеді. Осы Келісімді жүзеге асыру барысында дау-дамай немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

7 - б а п

Осы Келісім оның күшіне енуі қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды

Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жылдық мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы да шарттың қолданыс мерзімі біткенге дейін алты ай бұрын оның күшін тоқтатқысы келетіні туралы мәлімдемейтін болса, өздігінен келесі бес жылға ұзартылады.

2000 жылдың " ____ " _____ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің де күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК